



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2024 жылғы Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіп өнімін
(тауарларды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруші
кәсіпорындардың баға индексі

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10Тарату жиілігі
- S.11Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13Сапаны басқару
- S.14Өзектілік
- S.15Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17Салыстырмалылық
- S.18Келісушілік
- S.19Жүктеме
- S.20Деректерді қайта қарау
- S.21Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Баға статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Кабыкбаева Малика Сайдұлловна

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Департамент директоры Жақыпбекұлы Қуанышбек

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

m.kabykbaeva@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 749287

S.2 Өзектілік- кіріспе

Өндірушілер бағасының индексі өнеркәсіп кәсіпорындары өндірген дайын өнімдерге және олар көрсеткен өндірістік сипаттағы қызметтерге баға өзгерісін сипаттайды.

Өндірушілер бағасының индексін құрудың мақсаты өнімге, көрсетілетін қызметке оларды өткізу сәтіндегі баға өзгерісінің орташа шамасын өлшеу болып табылады. Өндірушілер бағасының индексі түрлі сатыларда жүргізілген өнім, көрсетілетін қызмет түрлерінің баға серпінін қадағалайды. Өнім түрлері бойынша өндірушілер бағасы индексінің өзгеру қарқынын көтерме және бөлшек саудадағы әлеуетті инфляцияның бастапқы шамасы ретінде қарастырады.

Өндірушілер бағасының индексі:

- 1) Ұлттық шоттарды есептеу жүйесінің негізгі агрегаттарын дефляторлауда;
- 2) өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексін есептеуде және ағымдағы құнды есепке алуда;
- 3) туынды статистикалық көрсеткіштерді және статистиканың басқа салаларындағы олардың жекелеген компоненттерін: негізгі қорларды қайта бағалау коэффициенттері, құрылыс өндірісі технологиялық құрылымы элементтерінің құрамындағы жабдықтарға баға индексі және басқаларын қалыптастыруда;

4) мемлекеттік органдар және халықаралық ұйымдар жүргізетін экономикалық мониторингті, болжамдауды, салғастыруды жүзеге асыруда пайдаланылады.

Бюрода әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстарын өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардың өзектілігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

30.12.2024

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

30.12.2024

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Өндірушілердің өнеркәсіп өнімдеріне баға индексі Қазақстан Республикасының облыстары бойынша, экономикалық қызмет түрлері бойынша, өнім және көрсетілетін қызмет түрлері бойынша бір ай ішіндегі өткізу арналары салыстыру кезеңдері бойынша (есепті ай өткен айға, өткен жылғы жетоқсанға, базалық жылға, ай және есепті кезең тиісті айларға және өткен жылғы тиісті кезеңдерге) есептеледі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Өнеркәсіп өнімдерін өндірушілердің баға индекстерін құру кезінде келесі жіктелімдер пайдаланылады:

1) Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Негізгі» / «Статистикалық жіктелімдер» / «Ұлттық» бөлімінде орналастырылған;

2) ӨӨСЖ - Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, қызметтердің) анықтамалығы Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Негізгі» / «Статистикалық жіктелімдер» / «Анықтамалық» бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторалдық қамту

Өндірушілер бағасының индексі «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне» (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес өнеркәсіп қызметінің қандай да бір класында жұмыс істейтін бірліктердегі өндіріс және өнім, көрсетілетін қызметті сатып алуға баға өзгерісін көрсетеді.

ЭҚЖЖ-ға сәйкес өнеркәсіп қызметі В «Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу», С «Өңдеу өнеркәсібі», D «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау», Е «Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет» секцияларында жіктеледі.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1. Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіп өнімдерін (тауарларын, көрсетілетін қызметтерін) баға өзгерісін Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Өнеркәсіптегі өндірушілер бағаларының индекстерін құру әдістемесі» «Негізгі» / «Статистика» / «Экономика» / «Баға статистикасы» / «Әдіснама» бөлімінде жүзеге асырылады.

Әдістемеді келесі анықтамалар пайдаланылады:

- 1) агрегаттау – төменгі деңгейдегі экономикалық көрсеткіштерді барлық кейінгі деңгейлерде едәуір ірі жиынтықтарға агрегаттау;
- 2) бағаның базистік кезеңі – қарапайым агрегаттар есебінде бағалар баға арақатынасының бөлімінде көрсетілетін кезең;
- 3) базалық объект – байқауға және ондағы бағаларды тіркеуге іріктелген заңды тұлға;
- 4) жіктелім – қабылданған белгілеріне сәйкес ұқсастықтары мен өзгешеліктері бойынша көптеген объектілерді топтарға бөлу;
- 5) ерекшелік – бағаны тіркеу үшін іріктелген жеке тауарды (көрсетілетін қызметті) сәйкестендіру үшін қолданылатын суреттеме немесе сипаттамалар тізбесі;
- 6) индекс салмағы – олардың жалпы жиынтығында әрбір жеке элементтің маңыздылығын көрсететін шама;
- 7) өкіл тауар (көрсетілетін қызмет) – тауардың (көрсетілетін қызметтердің) сапасы мен негізгі тұтынушылық қасиетіне әсер етпейтін болмашы өзгешелігімен (бөлшек) ерекшеленетін және тұтынушылық белгісі бойынша біркелкі тауарлық топтағы тауар (қызмет) түрінің белгілі бір түрі;
- 8) өндіруші кәсіпорын бағасы – өнімнің өндірушіден сатып алушыға дейінгі қозғалысына байланысты қосымша құн салығы, акциздер, сауда және өткізу-үстеме бағасы, көлік және басқа да шығыстар есебінсіз, оның «кәсіпорын қақпасынан» шыққан сәтінде өткізілген өнім бірлігінің бағасы;
- 9) өнеркәсіптік кәсіпорын – өнеркәсіптік өнімдерді өндіретін және өндірумен айналысатын, өнеркәсіптік қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі;
- 10) салмақтардың базистік кезеңі – құндық көрсеткіші баға индекстерінің салмақтық құрамдарын анықтау үшін ақпараттық негіз ретінде қызмет ететін кезең (әдетте жыл);
- 11) салмақтау – жиынтық көрсеткіштерді алу үшін индекстік есептеулерде қолданылатын және тікелей қосындылауға жатпайтын әртүрлі тауарлардың өлшемдестігін қамтамасыз ететін рәсім;

12) салмақтау сызбасы – стандартты жіктелімге сәйкес агрегаттаудың барлық сатылары бойынша анықталған өнімдер, тауарлар, көрсетілетін қызметтердің нақты түрлері салмағының жиынтығы;

13) сатып алу бағасы – қосымша құн салығын, көліктік, сауда-өткізу, делдалдық және басқа да шығындарды есепке алғандағы өндірістік-техникалық мақсаттағы нақты өнім (қызмет) түрінің бағасы;

14) іріктеме – статистикалық деректерді жинау және өңдеу кезінде пайдаланылатын, бекітілген жіктеуіштер, номенклатуралар мен анықтамалықтардан жеке айқындамалар.

2. Деректерді жинау құралдары - «Өндірілген өнеркәсіп өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) бағасы және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді сатып алу бағасы туралы есеп» (индексі 1-ЦП, кезеңділігі - айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны.

Статистикалық нысан Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Респонденттерге» / «2024 жылғы статистикалық нысандар» / «Айлық нысан» бөлімінде қолжетімді.

S.4.5 Статистикалық объект

Өндірушілер бағасының индексі үшін статистикалық объект - географиялық, салалық қамтуды және барлық меншік нысандары, түрлі ұйымдық-құқықтық нысандардың өнеркәсіп өнімдерін өндірумен айналысатын және өнеркәсіптік сипаттағы қызметтерді көрсететін нарық ерекшеліктерін ескерумен, базалық объектілердің іріктемелі желісі.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіп өнімдерін (тауарларын, көрсетілетін қызметтерін) жалпымемлекеттік статистикалық байқау базалық объектілердің, өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) іріктемелі жиынтығы бойынша жүзеге асырылады.

Базалық объектілердің іріктемелі жиынтығы географиялық, салалық қамтуды және нарықтық ерекшеліктерді ескере отырып құрылады. Базалық объектілердің іріктемесін қалыптастыру үшін бас жиынтық ретінде статистикалық бизнес тіркелімінің деректері қолданылады.

Базалық объектілерді іріктеу зерттелетін экономикалық қызметтің түріне және ондағы жұмыспен қамтылғандар саны бойынша өнеркәсіптік кәсіпорындар өнімділігіне қарай қолданылатын жаппай және іріктемелі әдістерді құрамдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Жаппай байқаумен кен өнеркәсібі салаларының ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындары, табиғи монополиялар саласында жататын өнеркәсіп кәсіпорындары және өндірістік сипаттағы қызметтерді көрсететін өнеркәсіп кәсіпорындары қамтылады.

Өңдеу саласының ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындарын іріктеу кезінде «өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет құнына» негізделген байқаудың іріктемелі әдісі қолданылады. Шағын кәсіпорындар өздері

шығаратын тауарлар жалпы экономикалық қызметтің түрі бойынша экономикалық көрсеткіштерді құрудың негізі болса, олар іріктемеге қосылады.

Іріктеменің оңтайы көлеміне жалпы мемлекеттік статистикалық байқау үшін айқындалған, өнімнің негізгі топтарын барынша ықтимал қамтумен базалық объектілерді іріктеу кезінде қол жеткізіледі.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы облыстар, республикалық маңызы бар қалалар.

S.4.8 Қамту уақыты

Өндірушілер бағасының индексі 1992 жылдан бастап қалыптастырылады, 1992 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі уақыт қатарлары бар.

S.4.9 Базалық кезең

Өткен жылғы тиісті айға (кезеңге) баға индексін құру «базистік» әдіспен жүзеге асырылады. Бірқатар жылдарға бағалардың айлық индекстерін «байланыстыру» (тізбектеу) жүргізіледі, олар база ретінде белгіленген есептеу нүктесі немесе базалық кезеңі бар бірізді динамикалық қатарды құрады.

Базалық кезең әр бес жыл сайын ауыстырылады.

2011-2015жж. базалық кезең 2010 жылғы желтоқсан болып табылады,

2016-2020жж. – 2015 жылғы желтоқсан,

2021-2025жж. – 2020 жылғы желтоқсан және т.с.

S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз

S.6 Есепті кезең

Ай

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы;

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген. Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары. (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 8 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6459 болып тіркелді);

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар

жоспары;

4. Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі;

5. «Өнеркәсіптегі өндірушілер бағаларының индекстерін құру әдістемесі», Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 31 мамырдағы № 98 бұйрығымен бекітілген.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынған деректердің құпиялылығы және қорғалу кепілдіктері қамтамасыз етіледі;

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;

3. Бюро басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық - деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді).

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының № 257 26-бабы 1, 2-тармақтары.

2025 жылға арналған Статистикалық жұмыстардың жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың бірыңғай порталында қолжетімді www.gov.kz «Мемлекеттік органдар» / «Басқалар» / «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі» / «Бюро» / «Құжаттар» бөлімінде.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

2025 жылға арналған Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың бірыңғай порталында қолжетімді www.gov.kz «Мемлекеттік органдар» / «Басқалар» / «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі» / «Бюро» / «Құжаттар» бөлімінде.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурстарында орналастыру арқылы.

Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Негізгі» / «Статистика» / «Экономика» / «Баға статистикасы» бөлімінде.

S.10 Тарату жиілігі

Ай сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

«Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіп өнімін өндірушілердің баға индексі және бағасы» электрондық кестелерінде экономикалық қызмет түрлері бойынша салыстырудың барлық кезеңдеріндегі республика және өңірлер бойынша индекстер мен бағалар туралы мәліметтер келтірілген. Ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Негізгі» / «Экономика» / «Баға статистикасы» / «Электрондық кестелер» бөлімінде қолжетімді.

S.11.3 Он-лайн режимдегі деректер базасы

«Талдау» АТЖ <https://taldau.stat.gov.kz> «Баға статистикасы» бөлімінде

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді).

S.11.5 Өзге де

Өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі Еуразиялық экономикалық комиссияға, Халықаралық валюта қорының Деректерді Таратудың Арнайы Стандартына, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық статистикалық комитетіне таралады.

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

«Өнеркәсіптегі өндірушілер бағаларының индекстерін құру әдістемесі», Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 31 мамырдағы № 98 бұйрығымен бекітілген. (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 29 маусымда № 13845 болып тіркелген). Ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Негізгі» / «Әдіснама» / «Баға статистикасы» бөлімінде қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат;
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі;
4. Бюросы басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 2 бұйрығымен бекітілді. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 наурызда № 34168 болып тіркелген). Әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Баға статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық, визуалдық) әзірленген және енгізілген;
- алғашқы деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңнамалық тұрғыда бекітілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (серпінде, әкімшілік деректермен, салааралық);
- бағаны байқау үшін іріктелген тауарлар, өнімдер, көрсетілетін қызметтер және базалық объектілер тізбелерінің іріктемелі жиынтықтарын ротациялау;
- салмақтау сызбаларын жыл сайын қайта қарау;
- агрегацияның барлық деңгейіндегі баға индекстерін есептеу үшін бірыңғай формулаларды қолдану.

S.13.2 Сапаны бағалау

Халықаралық Валюта Қоры белгілі бір кезеңділікпен өндіруші кәсіпорындардың баға индексінің сапасына бағалау өткізеді, бағалау нәтижелері Бюросына жіберіледі.

Өндірушілер бағасының индексі «ҚАЗСТАТ: Ұлттық статистикалық жүйені нығайту бойынша жоба» Жобасы шеңберінде жетілдірілді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты, мемлекеттік органдар, ТМД Статкомитеті, Халықаралық еңбек ұйымы, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Пайдаланушының сауалнамасы Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Сауалнама» / «Пайдаланушылар сауалнамасы» бөлімінде қол жетімді.

Бұдан басқа, пайдаланушылармен және респонденттермен тұрақты кері байланысты қолдау мақсатында Бюроның 1446 Бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Өнеркәсіп өнімдерін өндірушілердің баға индекстері республиканың барлық өңірлеріндегі іріктемелі статистикалық байқау нәтижелері негізінде есептеледі және 2123 респондент ұсынған деректерден қалыптастырылады. Бұл республикадағы өнеркәсіп өндіріс көлемінің

шамамен 70% қамтиды.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Соңғы бес жылғы өндіруші кәсіпорындардың есептелетін бағаларының дәлдігі мен сенімділігін талдау вариация коэффициентін қолдану арқылы жүргізілді.

Вариация коэффициенті - кездейсоқ шаманың салыстырмалы бытыраңқылығының өлшемі. Ол осы шаманың орташа мәнінен кездейсоқ шаманың орташа бытыраңқылығы қандай үлес құрайтынын көрсетеді. Орташа квадраттық ауытқудың мәні неғұрлым көп болса, зерттелетін мәндердің бытыраңқылығы соғұрлым жоғары және біркелкілігі төмен болады. Вариация коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$C_v = \frac{SD}{\bar{X}} * 100\%$$

Мұндағы:


SD – орташа квадраттық ауытқу;

$\bar{X}$ - орташа мән.

Орташа квадраттық ауытқу мына формула бойынша есептеледі:

$$SD = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})^2}{n-1}}$$

Қазақстан Республикасындағы өндіруші кәсіпорындардың ішкі нарықта өткізілген шикі мұнайға орташа бағаның вариация коэффициенті



2020-2024 жылдар кезеңінде өндіруші кәсіпорындардың шикі мұнайға бағаларын талдау деректер орташа біртектіліктің рұқсат етілген

шегінде екенін көрсетті. Бағалардың ең үлкен шашыраңқылығы 2021 жылы белгіленген. 2021 жылы шикі мұнайға бағаның өсуі COVID-19 пандемиясынан кейін әлемдік экономиканың қалпына келуімен, дағдарысқа қарсы шараларды іске асырумен және мұнайға сұраныстың біртіндеп қалпына келуімен байланысты.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Мақсатты іріктемені пайдаланғандықтан бағалау мүмкін емес.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Іріктемемен байланысты емес қателер есептелмейді.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Мақсатты іріктемені пайдаланғандықтан бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Мақсатты іріктемені пайдаланғандықтан бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Мақсатты іріктемені пайдаланғандықтан бағалау мүмкін емес.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

«Шартты» бағаны есептеу әдістері Өнеркәсіптегі өндірушілер бағаларының индекстерін құру әдістемесіне сәйкес қолданылады. Жоқ жауаптардың үлесі есептелмейді.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Есеп жүргізілмейді.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер 5-күнтізбелік күні жарияланады және түпкілікті болып табылады. Жариялау күні Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпараттарды тарату графигінде бекітілген және жарияланған.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Бюро басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімі Бюро басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелетін Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2024 жылы жарияланым мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымдарды шығару келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың баға индексінің динамикалық қатары салғастырмалы және 1992 жылдан бастап үзіліссіз. Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Негізгі» / «Статистика» / «Экономика» / «Баға статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде жарияланған.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан


Өндіруші кәсіпорындар бағасының индексін құру әдіснамасының негізгі тәсілдері Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта Қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропалық қоғамдастықтардың статистикалық бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы және Дүниежүзілік банк әзірлеген «Өндірушілер бағасының индексі бойынша нұсқау: теория және тәжірибе, 2004» қағидаттары мен ұсынымдарын ескерумен келісілді және әзірленді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Өнеркәсіп өнімін (тауарларды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруші кәсіпорындардың баға индекстері ішкі келісілген болып табылады. Өндіруші кәсіпорындардың және әлемдік нарығында мұнай бағасы өзгеруінің келісушілігі төменде келтірілген.

Өндіруші кәсіпорындардың және әлемдік нарығындағы мұнай бағасының өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



2023-2024 жылдары өндіруші кәсіпорындардың мұнай бағасының өзгеру серпіні және әлемдік нарығындағы мұнай бағасының өзгеруі ұқсас болды. 2023 жылғы қыркүйекте мұнай бағаның айтарлықтай өсуі байқалды.

S.19 Жүктеме

Деректерді жинау электронды түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Бюроның интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) «Респонденттің кабинеті» арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін әдеттегі енгізу қателерінің болуына жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген.

Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолданумен автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау, жетіспейтін деректерді енгізу рәсімдері көзделген.

Басқа зерттеулермен қайталанбайды.

Әкімшілік деректер немесе басқа дереккөздер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

2024 жылғы қайта жарияланымдар болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың баға индексін құру екі деректер ағынын пайдалануды көздейді: салмақ құрайтындар (салмақтау схемасы) және өнеркәсіп өнімдері бағасының өзгеруі.

Салмақтау схемалары орталықтан әр өңір бойынша және жалпы республика бойынша қалыптастырылады.

Оның құрылуы байқауға енгізілген өндірілген өнеркәсіп өнімдерінің құндық деректерін ішкі түрлер, түрлер, кластар, топтар, бөлімдер мен секциялар бойынша бөлуге негізделген.

Бағалық бағалау үшін іріктемелі жиынтықтарды (өнім (тауар, көрсетілетін қызмет, базалық объектілер) пайдалану өндірушілер бағасының индексіне енгізілмеген деректерді есепке алу үшін салмақтауыштарды түзету қажеттілігін туындатады.

Өнеркәсіп өнімдеріне бағаның өзгеруі туралы ақпаратты жинау «Өндірілген өнеркәсіп өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) бағасы және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді сатып алу бағасы туралы есеп» (1-ЦП, айлық) статистикалық байқауының шеңберінде жүзеге асырылады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

айлық

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

«Өндірілген өнеркәсіп өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) бағасы және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді сатып алу бағасы туралы есеп» (1-ЦП, айлық) статистикалық нысанды тапсыру электронды түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Бюроның интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) «Респонденттің кабинеті» жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

«Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Заңының 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес анық алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Импутация «Өнеркәсіптегі өндірушілер бағаларының индекстерін құру әдістемесіне» сәйкес жүзеге асырылады.

Өнеркәсіп өнімін өндірушілердің «шартты» бағасын есептеу мыналарға сүйене отырып жүзеге асырылады:

1) өнім түрінде ұқсас тауарларға салыстырмалы баға өзгерісі;

2) жоғалып кеткен тауар түрі кіретін тауарлық топ бойынша орташа баға өзгерісі;

3) республика бойынша ішкі сала, сала бойынша орташа баға өзгерісі;

4) тіркеудің соңғы (өткен) бағасын қолдану.

Тіркеудің соңғы (өткен) бағасын қолдану егер бұл кезеңге өнім өндірісінің шығындары өзгеріссіз қалған және баға серпінін тұрақтандыру жағдайларында қолданылады.

Базалық объектіде байқалатын өкіл тауардың (қызметтің) өндірісі жыл ішінде толық тоқтағанда немесе жабылғанда (жойылуы, қайта ұйымдастырылуы) өнім (қызмет) ауыстырылады.

Тауарлар, көрсетілетін қызмет есептеулеріне қатысатындардан басқа өкіл тауардың (қызметтің) жоғалып кеткен түрін ауыстыру рәсімін оңтайлы жүргізу үшін қосымша ұқсас ерекшеліктері бар олардың ұқсас түрлеріне байқау жүргізіледі.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі

Жұмысты жалғастыру.